

**Н. Т. Саханова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы қылмыстық процесс кафедрасының аға оқытушысы**

## **АЙЫПТАУ (АЗАМАТТЫҚ ТАЛАП) ФУНКЦИЯЛАРЫ МАЗМҰНЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ**

Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізудегі негізгі үш функцияның (айыптау, қорғау және істі шешу) қолданыс табуы қылмыстық ізге түсу, қорғау және істі соттың шешуі бір-бірінен бөлінген және оларды әртүрлі органдар мен лауазымды адамдар жүзеге асыруын бекіткен ҚР ҚДЖК 23-бабының 2-бөлігімен анықталған.

Дегенмен, қылмыстық іс жүргізу функциясы ретіндегі айыптаудың, қорғаудың және істі соттың шешуінің орын алуы отандық сот ісін жүргізуде өз мәнінде орын ала алмай келе жатқан бәсекелестік қағидасына негізделген. Әдебиеттердегі қылмыстық іс жүргізу қызметіндегі межелей бөлумен байланысқан мұндай көзқарастар тек қана бір мақсат — дәстүрлі болып табылатын іс жүргізудің бәсекелестігін қамтамасыз ету<sup>1</sup>.

Бұдан бұрынғы жарияланымдарымызда атап өтілгендей, сотқа дейінгі іс жүргізу белгілі орын берілетін жекелеген процессуалдық кепілдік түріндегі іздеу ісінің барлық белгілеріне ие болады. Сөйтіп, кейде ішінара ғана жүзеге асырылатын бәсекелестік функциясының идеясы (қағидасы) мазмұнының сапалық және сандық анықтамасын басшылыққа алуға қайшы келмей ме деген сұрақ туындайды. Мүмкін, мұнымен қылмыстық іс жүргізу теориясында осы күнге дейін қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылар қызметінің негізгі бағыттарын жіктеуге қатысты заң шығарушының көзқарасымен жеткілікті дәлелдемелердің, сондай-ақ жекелеген қатысушыларға заңмен берілетін өкілеттілік шегінің жоқтығымен түсіндіруге болатын шығар.

Кейбір авторлар дәстүрлі үш функциямен бірге, процессуалдық функцияларға, мысалы азаматтық талап арызды қолдау және талап арыздан қорғауды қосады<sup>2</sup>. Мұндай көзқарасты бұл функциялар шын мәнінде айыптау мен қорғау функцияларынан шығады деп санайтын М. Б. Улищенко ортаға салады: «Қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талап арыз қылмыспен келтірілген зиянды негізді түрде және тез арада қалпына келтіруге қызмет етеді. Әдетте, айыптау функциясын орындайтын жәбірленуші болып келеді. Ұрлық туралы істер бойынша қылмыспен келтірілген зиянды анықтау істі дұрыс шешу мен қылмысты саралаудың қажетті шарты болып табылады. Қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері дәлелдеу затына енетін болғандықтан азаматтық талап арызды қолдауға қатысты әрекет дәлелдеу затының барлық элементтерін дәлелдеуге міндетті түрдегі айыптау функциясымен қамтылады және керісінше талап арызға қарсылық білдіру — бұл қорғау функциясы»<sup>3</sup>. Қазақстандық заң шығарушы азаматтық талап арызды қолдау және одан қорғау сияқты мұндай функцияны негізді қолданыста болуын жоққа шығарып, сол сияқты талапкерді айыптау тарабына жатқызады (ҚР ҚДЖК 7-б. 12-тарм.).

Оған деген кейбір ескертпелерді ескере отырып, келтірілген көзқарасты қолайлы деп санаймыз. Азаматтық талап арызды дәлелдеу затының қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері» (ҚР ҚДЖК 117-б. 1-бөл. 7-тарм.). сияқты элементі арқылы айыптау функциясымен байланыстыру жалғыз ғана дұрыс жол болып табылмайтын шығар. Жәбірленуші мен азаматтық талапкер қашанда бір ғана адам бола бермейді, мұны автордың өзі де көрсетеді, оның үстіне заңды тұлға да талапкер бола алады, соң сияқты жеке тұлға да жәбірленуші болуы мүмкін және керісінше. Мысалы, ҚР ҚДЖК 162-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық іс жүргізуге және қылмыстық процесте жеке және заңды тұлғалардың есі кіресілі-шығасылы адамның тікелей қылмысымен немесе қоғамға қауіпті әрекетімен келтірілген мүлдіктік және моральдық зиянды өтеу туралы, сондай-ақ жерлеуге, зардап шеккен адамды емдеуге кеткен шығыстарды, оған сақтандыру өтем ретінде төленген сомаларды, жәрдемақыны немесе зейнетақыны, сондай-ақ өкілдікке шыққан шығыстарды қоса алғанда анықтау, алдын ала тергеу ісіне және сотқа қатысуымен байланысты шыққан шығыстарды өтеу туралы азаматтық талаптары қаралады.

Мұндай жағдайда қылмыспен келтірілген қиянның сипаты мен мөлшері орнын толтыру туралы азаматтық талап арызда мәлімделген іс жүзіндегі және заңды зиянмен сәйкес келмеуі мүмкін. Соған қарамастан, бұл дегеніміз азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкер қылмыстық сот ісін жүргізу тегі қылмыстық іс жүргізу функцияларының белгілеріне ие болған, олардың әрекет бағытын тұтыратын белгілі бір дәрежеде негізделген өз алдына бөлек, дербес құқықтық қатынас құрады дегенді білдірмейді.

Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2005 жылғы 20-маусымдағы «Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талап арызды қарау туралы» № 1 нормативтік қаулысы ҚР ҚДЖК 117-бабына сәйкес, азаматтық талап арыз бойынша дәлелдеу әрбір қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезіндегі дәлелдеуге жататын мән-жайлар қатарына енетіндігін түсіндіреді. Алайда бұл жерде қандайда бір дәлелдеу затының элементіне сілтеме жоқ. Біздің пікірімізше, «жауаптылық» санатын кең мағынада түсіндіру жағдайында оны азаматтық-құқықтық жауапкершілік деп санай отырып, мұндай жәйт деп дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайларды» ғана санауға болады (ҚР ҚДЖК 117-б. 1-бөл. 4-тарм).

Азаматтық талап арызды қолдау жөніндегі әрекетті айыптау функциясын сiңіру, ең алдымен, талап арыздың талаптары өзінің құқықтық табиғатында айыптау әрекетімен (қылмыстық ізге түсумен) бірдей, және қылмыстық ізге түсу мен талап арызды қолдауды бір адам жүзеге асыра алады, бұны соңғысының қолданыстағы заңнамамен функцияларды қосарлау жоққа шығарылғандықтан қылмыстық сот іс жүргізу функциясында өз алдына бөлек, дербес мәнге ие болмайды.

Бәсекелестікке негізделген үш негізгі функцияларды (айыптау, қорғау, соттың істі шешуі) бөліп көрсету әдіснамасы, не қолданыстағы аралас іс жүргізу жағдайындағы оның мүмкіншілігі жоқ деп танумен, не іс жүргізудің барлық сатыларында айыптау мен қорғау функцияларының арақатынастары біркелкі болуы үшін отандық қылмыстық сот ісін жүргізуді өзгертумен аяқталуға тиіс өзінің дербес зерделенуін талап етеді.

Өз кезегінде қылмыстық сот ісін жүргізудегі азаматтық талап арыздың рөлі туралы мәселе тауыны болып табылады. Заманауи заңтануда осы мәселе жөнінде үш түрлі көзқарас бар.

Біріншісіне сәйкес, азаматтық талап арызды бөлек, ал басқа жағдайларда оны қылмыстық іспен бірге қараған орынды. В. В. Голубевтің пікірінше, «Әрбір нақты жағдайда бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін іс-әрекеттің оңтайлы бағытын тандап алу қажет»<sup>4</sup>. С. Милицин мен Е. Попкова, осы көзқарасты қолдай отырып, бірлескен іс жүргізудің басты шарттары деп істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу туралы қылмыстық іс жүргізу заңының ережелерін сақтауды санау керектігін ұсынады. Аталған ережелерді сақтауға қауіп төнген жағдайда сот азаматтық талап арыз бойынша материалдарды азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен одан әрі қарауға табыс ету туралы шешім қабылдауы тиіс<sup>5</sup>.

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талап арыздардың әрекет ету шегін кеңейтуді қорғай отырып, Ф. Багаутдинов бірқатар талап арыздарды жеке азаматтық іс жүргізу шеңберінде қарау қажеттігін мойындайды<sup>6</sup>.

Жоғарыда келтірілген ұстанымды дәлелдеуді дауға салатын үшінші көзқарасқа сәйкес, азаматтық талап арыз, сөз жоқ қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде қажет, оны жақтаушылар бұл дәлелдеудің қажеттілігі «...қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық іс жүргізу бөтен зат емес, азаматтардың құқықтарының бірі — сотта қорғану құқығын жүзеге асырудың қажетті элементі»<sup>7</sup>. Осындай ұстанымды Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2005 жылғы 20-маусымдағы «Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талап арызды қарау туралы» № 1 нормативтік қаулысында Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексімен көзделген тәртіпте азаматтық талап арызды қылмыстық іспен бірге қарау ақылы есі кем адамның қылмысымен немесе қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетімен моральдық, дене немесе мүліктік зиян келтірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін дер кезінде қорғау кепілдігімен мәлімденеді (декларацияланады).

Әдебиеттерде қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талап арыздың алатын орны туралы айтылған мейлінше өткір пікірлер кездеседі. Мәселен В. Бозровтың пікірінше «... сотталушының талап арыздағы талаптарды мойындауы немесе мойындамауы өзінен-өзі жәбірленушінің көзқарасын қалыптастырады. Мұндай процессуалдық қысымшылық бәсекелестіктің басты шарттарының бірі — тараптардың тең құқықтығын және бәсекелестіктің өзін жоюға себеп болады»<sup>8</sup>.

Біздің пікірімізше, қылмыстық сот ісін жүргізуде азаматтық талап арызды қолдау, күмән жоқ, әсіресе сотқа дейінгі іс жүргізуде тергеуші немесе анықтаушы іс жүргізуде азаматтық талапкермен бірге айыптау тарабымен азаматтық талап арызды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға дейін дерлік іс жүргізу құралдары мен жолдарының барша мүмкін деген жиынтықтарына ие бола отырып дәлелдеу затын анықтайтын болғандықтан қорғануға үстемдік етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қылмыстық

сот ісін жүргізуде азаматтық талап арыз институтының болуы тек қана сотқа дейінгі кезеңдегі айыптаушы бағытын күшейте түседі.

- <sup>1</sup> Ягофаров Ф. М. Механизм реализации функции обвинения при рассмотрении дела судом первой инстанции: Дис. ... канд. юрид. наук. — Оренбург, 2003.
- <sup>2</sup> Ракунов Р. Д. Участники уголовно-процессуальной деятельности по советскому праву. — М., 1961. 47-48-бб.; Шпилев В. Н. Участники уголовного процесса. — Минск, 1970. — 25-б; Альперт С. А. Обвинение в советском уголовном процессе. — Харьков, 1974. — 15-16-б.
- <sup>3</sup> Улиценко М. Б. Функции и дисфункции в уголовном процессе // Тезисы докладов на теоретической конференции аспирантов институтов государства и права Российской Академии наук и МГЮА. — М., 1995. — 99-б.
- <sup>4</sup> Голубев В. В. Уголовный процесс а системе правового регулирования хозяйственно-экономических отношений // Законодательство. — 1998. — № 8. — 76-б.
- <sup>5</sup> Милицыи С, Попкова Е. Уголовное дело и гражданский иск: вместе или порознь? // Российская юстиция. — 2001. — № 7. — 46-б.
- <sup>6</sup> Багаутдинов Ф. Пределы действия гражданского иска в уголовном процессе стоит расширить // Российская юстиция. — 2003. — № 3. — 36-б.
- <sup>7</sup> Сысоев В., Храмов К. Так ли уж неуместен гражданский иск в уголовном процессе? // Российская юстиция. — 2001. — № 10. — 68-б.
- <sup>8</sup> Бозров В. Гражданский иск в уголовном процесск не уместен. // Российская юстиция. — 2001. — № 5. — 30-б.

### Резюме

В данной стаье рассматривается взаимодействие института гражданского иска с судебным производством.

### Resume

In article author reveals intercoupling the institute of the civil suit with realization of the functions of the accusation in criminal proceedings.